

Қапшағай қаласы әкімдігінің жанынан ономастикалық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қапшағай қалалық әкімдігінің 2003 жылғы 4 тамыздағы N 340 қаулысы. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2003 жылы 22 тамызда N 1302 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 31 наурыздағы N 215 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық әкімдігінің 2009.03.31 N 215 қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151-1 Заңының 23 бабына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 6 бап, 1 тармақ 12 тармақшасын, 31 бап, 1 тармақ, 17 тармақшасын басшылыққа ала отырып, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. N 1 қосымшаға сәйкес, Қапшағай қаласы әкімдігінің жанынан ономастикалық комиссия құрылсын.

2. N 2 қосымшаға сәйкес, Қапшағай қаласы әкімдігінің жанындағы ономастикалық комиссия туралы Ереже бекітілсін.

3. Қапшағай қаласы әкімдігінің жанындағы ономастикалық комиссияның дербес құрамы қалалық мәслихаттың бекітуіне енгізілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Б.Доспановқа жүктелсін.

Қала әкімі

Қала әкімінің орынбасары	Бақытжан Білмергенұлы Доспанов
Қала әкімі аппаратының басшысы	Темірбай Сембайұлы Мәкімов
Қала әкімі аппаратының бас маман-заң кеңесшісі	Алмагүл Толеуханқызы Қамбарова
Ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бастығы	Салаукен Оразбекқызы Дәрбекова

Қ а л а ә к і м і я т ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 0 4 т а м ы з
N 3 4 0 қ а у л ы с ы н а

N 1 қосымша

Қапшағай қаласы әкімдігі жанындағы ономастикалық комиссияның құрамы

Бақытжан Білмергенұлы Доспанов	- қала әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;
Дәметкен Таласбекқызы Нүсіпбекова	- N 3 орта мектептің директоры, комиссия төрағасының орынбасары;
Светлана Владимировна Вишневская	- ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің жетекші маманының міндетін атқарушысы, комиссия хатшысы;
Комиссия мүшелері:	
1. Қарлығаш Габдұлқызы Әбеуова	- Д.А. Қонаев атындағы N 1 қазақ орта мектебінің директоры;
2. Айгүл Айтанқызы Әлменова	- қалалық мәслихатының ұйымдастыру бөлімінің бас маманы (келісім бойынша);
3. Людмила Андреевна Борзецова	- Алматы облысы мемлекеттік Қапшағайдағы филиалының директоры (келісім бойынша);
4. Фархинұр Мұллахметқызы Валеева	- Ұлы Отан Соғысының және еңбек ардагерлері Кеңесінің төрайымы (келісім бойынша);
5. Семейғазы Қажыбайұлы Молдақасымов	- бас маман-бас сәулетшісінің міндетін атқарушысы;
6. Сәтпай Мырзабайұлы Қалқашев	- аймақтық Қапшағай газетінің корреспонденті

Қ а л а ә к і м и я т ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 0 4 т а м ы з
N 3 4 0 қ а у л ы с ы н а

N 2 қосымша

Қапшағай қаласы әкімиятының жанындағы ономастика комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қапшағай қаласы әкімиятының жанындағы ономастика жөніндегі қалалық комиссиясы (бұдан әрі комиссия) географиялық объектілердің атауына бірыңғай көзқарасты қалыптастыру, топонимикалық атауларды қолдану мен олардың есебін жүргізуді реттеу, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамдар бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіру, сақтау және оларды қайта атау мақсатында ономастика саласында (антропонимика, топонимика, космопонимика, астронимика, зоонимика, документонимика, эргонимика және т.б) мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін консультациялық кеңес органы болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, облыс және қала әкімдерінің шешімін, басқа да нормативтік актілерін, сонымен қатар осы ережені басшылыққа алады.

3. Комиссия Қапшағай қаласы әкімиятының қаулысымен құрылып және Қапшағай қалалық мәслихат сессиясының шешімімен бекітіледі.

4. Комиссия шешімі ұсынымдық сипатта болады.

5. Комиссия аудандардың қалада, алаңда, көшелерде, тұйық көшелерде, парктерде және қаланың басқа да құрайтын бөлімдерінің атауларының аталуы, қайта аталуы және транскрипциясының өзгерту жөніндегі мәселелерді қала әкімиятының қарастыруымен бірге қорытындылар ұсынады.

6. Комиссия қызметін ұйымдастырушылық, материалдық - техникалық және әдістемелік қамтамасыз етуді қала әкімінің аппаратымен жүзеге асырады.

2. Негізгі міндеттері

7. Комиссияның негізгі міндеттері:

- 1) географиялық атауларды жинақтау, жүйелендіру және зерделеу;
- 2) бұрын жоғалтылған тарихи топонимдерді қалпына келтіру жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 3) жаңа географиялық объектілер үшін атаулар әзірлеуге қатысу;
- 4) ономастикаға географиялық және тарихи-мәдени пәндеме ретінде қолдауына қатысу.

3. Негізгі функциялары мен өкілеттігі

8. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді шешу мақсатында:

1) орфографияның, ғылыми транскрипцияның және қалыптасқан мәдени-тарихи және әлеуметтік факторлардың қолданылып жүрген нормаларының басшылыққа ала отырып атауларының аталуы, қайта аталуы, нақтылануы және транскрипциясы жөніндегі ұсыныстарын қала әкімиятына енгізеді:

Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, темір және автомобиль жолдары станцияларының, пошта бөлімшелерінің, ғылыми-зерттеу жобалау ұйымдарының, мекемелердің, кәсіпорындардың, жоғары, жалпы білім беретін ведомстваларына ведомствалық бағыныстағы басқа да объектілердің атауларының аталуы, қайта аталуы, нақтылануы және транскрипциясы;

2) республиканың министрліктері мен ведомстваларына карталар жасау, анықтамалықтар, сөздіктер, атластар шығару процесінде пайда болған мәселелерді шешуде консультациялық көмек көрсетеді;

3) ономастика мен топонимика жөнінде анықтамалықтар мен сөздіктер шығаруды үйлестіреді;

4) елді мекендердің, көшелердің, даңғылдардың, алаңдардың тұғырлы атауын сақтауға бағытталған шаралардың кешенін жүзеге асырады;

5) ел халықтың Қазақстан Республикасы тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретіндегі байырғы халықтық және тарихи қалыптасқан атауларға құрметпен қарауын қалыптастыруға белсенді ықпал етеді;

6) ұйымдардың, шығармашылық одақтардың, жекелеген азаматтардың тарихи топонимдері қалпына келтіру немесе ауыстыру мәселелері жөніндегі хаттарын қарайды және тиісті ұсынымдар енгізеді;

7) мемлекеттік басқару органдарының, басқа да ұйымдардың материалдары, хабарлаулары және ақпараттары бойынша ономастика саласында мемлекеттік тіл саясатын іске асырудың жай-күйін талдайды.

4. Жұмысын ұйымдастыру

9. Комиссияның отырысы Комиссияның отырысында қабылданатын және оның төрағасы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі түрде өткізіледі. Егер оған оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысса Комиссияның отырысы күші бар деп саналады.

10. Комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады.

11. Қажет болған жағдайда Комиссияның құзыретіне кіретін жекелеген мәселелерді қарау үшін жұмыс топтары құрылады.

12. Комиссияның хатшысы отырыстардың жұмыс жоспарын, күн тәртібін жасайды, Комиссия мүшелерінің өзара іс-қимылын ұйымдастырады және іс қағаздарын жүргізуге жауап береді.